

2016-2020 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат Сыртқы аудиторды тағайындауға және ротациялауға қатысты саясат

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 78-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігінің аудиті міндетті болып табылады.

Қаржылық есептілік аудиті – қаржылық есептілікті ұсынудың белгіленген тұжырымдамалық негізіне сәйкес қаржылық есептіліктің барлық елеулі аспектілері бойынша дайындалғандығы немесе дайындалмағаны жөнінде пікір білдіру мақсатында тәуелсіз тексеру рәсімі.

Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру, растау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады.

Қаржылық есептілік аудитін сатып алу туралы шартқа сәйкес "Crowe Audit KZ" ЖШС қаржылық жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсаны аралығындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке шолу және ХҚЕС сәйкес жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізу бойынша қызметтер көрсетті.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және Мемлекеттік корпорация Жарғысының 48-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау Мемлекеттік корпорацияның директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

Мемлекеттік корпорацияның директорлар кеңесі 2021 жылғы 20 мамырдағы күндізгі отырыста (№01-01-02/04 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітті.

Мемлекеттік корпорация басқармасы жыл сайын Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес, өткен жыл үшін аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № ММЖК-03-КГ/4294 хатына сәйкес, Жалғыз акционер – Қазақстан Республикасының цифрлық даму

инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №204/НҚ бұйрығымен Мемлекеттік корпорацияның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілді.

2020 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit KZ» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС қосқанда 21 168 мың теңгені құрады. «Crowe Audit KZ» ЖШС 2020 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне қатысы жоқ қызметтер көрсеткен жоқ.

2019 жылға қаржылық есептілік аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС қосқанда 91 840 мың теңгені құрады. Сондай-ақ «Эрнст энд Янг» ЖШС 2019 жылы семинарлар мен тренингтер өткізу бойынша ҚҚС қосқанда жалпы сомасы 9 624,6 мың теңгеге қызмет көрсетті.

2018 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «ТАК «Центраудит-Қазақстан» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС қосқанда 18 500 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан «ТАК» ЖШС 2018 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне қатысы жоқ қызметтерді көрсеткен жоқ.

2017 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «ТАК «Центраудит-Қазақстан» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС қосқанда 25 000 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан «ТАК» ЖШС 2017 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне байланысты емес қызметтерді көрсеткен жоқ.

2016 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «НАК «Центраудит-Қазақстан» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы 19 900 мың теңгені құрады, оның ішінде ҚҚС. «Центраудит-Қазақстан» ТАК» ЖШС 2016 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне қатысы жоқ қызметтерді көрсеткен жоқ.

Қаржылық есептілік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдарында жұмыс істеген қызметкерлер Мемлекеттік корпорацияға жұмысқа қабылданбады.